

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
БУРАБАЙ АУДАНЫ  
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ  
БУРАБАЙ КЕНТІНІҢ  
СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ  
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН  
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА  
ИМЕНИ САКЕНА СЕЙФУЛЛИНА  
ПОСЕЛКА БУРАБАЙ  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ  
ПО БУРАБАЙСКОМУ РАЙОНУ  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

## ПРИКАЗ

02.09.2024 г.  
поселок Бурабай

№ 182

### Мектеп TREND топтарын ұйымдастыру туралы

Әдістемелік кеңестің 09.02.2024 жылғы хаттамасының негізінде,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің МО – TREND ТОП құрамы келесі құрамда бекітілсін:

#### TREND I бастауыш сыныптар

1. Абдрахманова А.Б.-0К
2. Сатпаева Ж.Д.-0А
3. Жалмуканова Ш.К.-3К
4. Липовая Е.Л.-3 А
5. Алгазинова А.В.-3Б
6. Имаканова Р.С.-4К
7. Климова Е.Н.-4А
8. Шаймұрат Ә.А.-5К
9. Сафонова Ю.П.-1А
10. Абишева Г.Б.-2К
11. Косова Г.Е.-2А- көшбасшы

#### TREND II топ - ОГЦ

1. Жақсылық Д.А.
2. Ахметбекова Б.С.-7А
3. Калиева С.Т.-8А
4. Алдаберген А.
5. Искакова С.К.-10К
6. Горькаева Е.М.-11А
7. Айтжанова Г.Д.-6А
8. Кожаква Ж.А.
9. Сабырова А.Ж.- 7 К
10. Шарипова Г.А.- 9 К- көшбасшы
11. Шаймерденова З.К.

#### TREND III топ- ЕМЦ

1. Болатова М.К. -8К
2. Городецкая Л.В.-9А
3. Косарева П.В.-10А- көшбасшы
4. Ошакбаева Г.К. -6 К
5. Шлейнингер Э.В.
6. Нурушева А.Н.
7. Жусупова М.Е.
8. Толекова К.Т.
9. Барская Н.Н

#### TREND IV топ -ВСиЭЦ

1. Аманбаева Ж.О.-11К
2. Капарова Н.А.
3. Сатбаев Ч.Ш.- көшбасшы
4. Нурушев И.Н.
5. Саматұлы Е.С.
6. Петрова А.А.
7. Батин А.Е.



БЕКІТЕМІН  
2024ж. № 1 бұйрық  
Мектеп директоры *Э.Шлейнингер* Э.Шлейнингер

ҚАБЫЛДАНДЫ  
№ 1 педкеңестің шешімімен  
«29» 08 2024ж.

**Ереже**  
**пән мұғалімдерінің TREND топтары туралы**  
**«Ақмола облысы білім басқармасының**  
**Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі Бурабай**  
**кентінің Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы**  
**орта білім беретін мектебі» КММ**

**Ереже**  
**пән мұғалімдерінің TREND топтары туралы**  
**«Ақмола облысы білім басқармасының Бурабай ауданы бойынша білім бөлімі**  
**Бурабай кентінің Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»**  
**КММ**

**1.Жалпы ережелер**

1.1. «Оқу әдістемелік жұмысты іске асыру және ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м. а. 2015 жылғы 27 шілдедегі №488 бұйрығымен, «Ғылыми-әдістемелік және оқу әдістемелік жұмысты іске асыру және ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығымен, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен басшылық ететін 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III TREND топ туралы Ереже.

1.2. TREND топ мектептің әдістемелік қызметінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады. TREND топ-әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу үшін салалық (мамандықтар, пәндер топтары) белгі бойынша білім беру процесі субъектілерінің бірлестіктері.

1.3. TREND топ ЖМЦ, ҚГЦ, ЭЦ және әскери-спорттық пәндер, ИҚК мамандары, бастауыш сыныптар, мектепалды даярлық сыныптарын оқытатын мұғалімдерді біріктіреді.

1.4. TREND топ өз қызметін мектеп жарғысына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.5. Жұмыс принциптері:

- TREND топ мүшелерінің тең құқылығы;
- алқалылық;
- TREND топтарының өзекті мәселелерін шешудегі жариялылық;
- оқушы тұлғасы мүдделерінің басымдылығы;
- шығармашылық пен бастаманы қолдау.

**2. TREND топ міндеттері мен функциялары**

2.1. TREND топтар миссиясы: педагогтердің кәсіби әлеуетін тиімді пайдалану мен дамытуға, тиісті оқу пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша олардың күш – жігерін біріктіруге және үйлестіруге және осының негізінде білім беру процесін жақсартуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағытталған жұмыс.

2.2. Міндеттері:

- оқу және ғылыми-әдістемелік жұмысты жүйелі жүргізу;
- педагогтердің мәдени-білім беру бастамаларын қолдау;
- TREND топ мұғалімдерінің оқу және тәрбие жұмысына талдау жүргізу;
- TREND топ мүшелерінің кәсіби қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- мұғалімдердің еңбектерін басып шығару, педагогтердің тәжірибесін зерделеу және қорыту;
- педагогтардың конкурстар мен жобаларға, шығармашылық авторлық қызметке қатысуын ынталандыру.

2.3. TREND топ функциялары:

- ғылыми-әдістемелік, зерттеу жұмыстарын жоспарлайды және жүзеге асырады;
- білім беру процесін қажетті оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді ;
- білім алушылардың оқу мүмкіндіктерін, білім беру процесінің нәтижелерін, оның ішінде пән бойынша оқудан тыс жұмыстарды талдайды;
- пән мұғалімдеріне нақты әдістемелік көмек көрсетуді жоспарлайды;
- әдістемелік семинарлардың және әдістемелік жұмыстың басқа да нысандарының жұмысын ұйымдастырады ;
- пәндік кабинеттерді жабдықтауды талдайды және жоспарлайды;
- оқушыларды аралық аттестаттау үшін материалдарды келіседі;
- оқытушылардың оқу бағдарламаларына енгізетін өзгерістеріне бастапқы сараптама жүргізеді;

5.6.TREND топ TREND топтарда жинақталған озық педагогикалық тәжірибе туралы материалдарды жариялау туралы сұрақ қоюға құқылы.

5.7.TREND топ мұғалімдерге біліктілікті арттырудың әртүрлі формаларын ұсынуға құқылы.

5.8.TREND топ мүшелері оқу қызметі және оқушыларды тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңес алу үшін мектеп директорының орынбасарларына жүгінуге құқылы.

5.9.TREND топ конкурстарға қатысу үшін TREND топ мұғалімдерін ұсынуға құқылы.

## **6. TREND топ мұғалімдерінің міндеттері**

6.1. Әр мұғалім міндетті:

-TREND топтардың бірінің жұмысына қатысу, кәсіби өзін-өзі тәрбиелеудің жеке бағдарламасы (жоспары) болуы;

-пән бойынша инновациялар енгізу, жаңа технологияларды зерделеу, өзінің педагогикалық табыстарымен әдістемелік көрмелерге қатысу, оқушыларды оқыту, дамыту, тәрбиелеу әдістері бойынша шығармашылық есептер дайындау;

-TREND топ отырыстарына, практикалық семинарларға, тренингтерге қатысу;

-ашық іс-шараларды (сабақтар, пән бойынша сыныптан тыс сабақтар)әзірлеуге белсенді қатысу;

-конкурстар мен олимпиадаларға арналған емтихан материалдары мен мәтіндік тапсырмаларды әзірлеу;

-тестілеу, сауалнама жүргізу, диагностика, сабақ жоспарлары, ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, білім беру сапасын жақсартуға ықпал ететін инновациялық технологиялар банкін құру;

-кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға ұмтылу;

-пәнді оқыту әдістемесінің даму үрдісін, ҚР Білім беру саласындағы нормативтік құжаттарын білу;

-санаттарға қойылатын біліктілік талаптарын білу;

-педагогикалық іс-әрекеттің өзіндік талдау негіздерін меңгеру.

## **7. TREND топ құжаттамалары**

7.1.TREND топ көшбасшысын тағайындау туралы бұйрық;

7.2.TREND топ туралы ереже;

7.3.Өткен оқу жылындағы жұмысты талдау;

7.4.Ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспары: әдістемелік жұмыс тақырыбы, мақсаты, міндеттері, әр айға арналған жоспар;

7.5.TREND топ мұғалімдері туралы мәліметтер банкі;

7.6.Өздігінен білім алу, мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік жұмысы туралы мәліметтер;

7.7.Біліктілікті арттырудың және аттестаттаудан өтудің перспективалық жоспарлары;

7.8.Жас мамандармен жұмыс жоспары;

7.9.Сабақтарға өзара қатысудың жоспар-кестесі;

7.10.Пән мұғалімдерінің қорытынды аттестаттауға, ҰБТ-ға, ББЖМ-ға, дарынды балалармен (олимпиадаларға), үйірмелерге, секцияларға және басқа да мектеп іс-шараларына дайындық жоспарлары;

7.11.Жаңа оқу жылына арналған TREND топ бейіндік және дамыту пәндерінің кестесі;

7.12.Мектеп бойынша емтихан өткізу жоспары;

7.13.БЖБ және ТЖБ өткізу кестесі, зертханалық және практикалық жұмыстар, TREND топ пәндері бойынша бақылау диктанттары;

7.14.Пән апталығының жоспары және оны талдау;

7.15.TREND топ отырыстарының хаттамалары;

7.16.Тоқсан, оқу жылындағы нәтижелерді талдау;

7.17.Оқушылардың пәндік олимпиадаларға, зияткерлік марафондарға, шығармашылық конкурстарға қатысуы;

7.18.TREND топ пәндері бойынша ББЖМ, ҰБТ-ға дайындық бойынша байқау тестілерінің үлгерімі мен білім сапасына мониторинг жүргізу;

7.19.Жеке пәндерді оқыту жағдайы туралы анықтамалар.

## **8. TREND топтардың нәтижелерін насихаттау**

8.1.Семинарлар, көрмелер, презентациялар, коучингтер өткізу;

8.2.TREND топтардың ғылыми-практикалық қызметі бойынша ақпараттық бюллетеньдер шығару, әлеуметтік желілерде, ғылыми-әдістемелік журналдарда жариялау.

## **9. Құжаттама және есептілік**

9.1.Мониторинг есебі, онда бақылау, тексеру бөлімдерінің қорытындылары, талдауы көрсетіледі, бекітілген сыныптардағы білім мен дағдылар бұрынғымен салыстырылады, өзгерістер тіркеледі;

9.2.Нәтижелерді бақылау критерийлері жасалады, аналитикалық материалдар жасалады;

9.3.TREND топтардың рейтингі бар;

9.4.Қорытындылар мен нәтижелер педагогикалық ұжымның барлық мүшелеріне анықтамалар, рейтингтер, диагностикалық материалдар, TREND топтардың әдістемелік тақырыбы бойынша жобаны қорғау арқылы жеткізіледі.

## **10. TREND шыңдарының қызметін бақылау**

10.1.TREND топтардың пәндік қызметін бақылауды мектеп директоры бекіткен әдістемелік жұмыс және мектепшілік бақылау жоспарларына сәйкес мектептегі әдістемелік жұмысқа жауапты мектеп директоры, оның оқу жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.